

Отырар кітапханасы

Ақпараттық библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімі



ШӘМШІ – ӘН ЖҰЛДЫЗЫ

/Ақпарат кітапша/

Отырар 2025

**«Шәмші – ән жұлдызы» /ақпарат кітапша/ Отырар
аудандық орталық кітапхана;
құрастырған:Р.Мақтабекова. – Отырар, 2025.**

АЛҒЫ СӨЗ

Арыстың жағасынан түлеп ұшқан Шәмші бүкіл қазақ даласын әнмен әлдиледі, әндері халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Әндері ғажайып саздылығымен, бұлақ суындай тап-таза сыңғырымен, лирикалық наздылығымен ерекшеленген Шәмші Қалдаяқовтың туғанына биыл 95 жыл толып отыр. Эстрадалық әндердің әуенін ұлттық нақышпен құнарландырған құбылыстың артында «Ана туралы жыр», «Сыған серенадасы», «Өмір - өзен», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең» т.б. 300 ден астам әні қалды.

Ұлтымызға мәңгі өшпес рухани құндылық сыйлаған біртуар композитордың мерейтойы аясында осы ақпарат-кітапшаны көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

*Бар қазақты тамсандырған,
Таңнан таңға ән салдырған,
Өзін әнмен қарсы алдырған
Шәмші едің!*

Мұхтар Шаханов

Шәмші Қалдаяқов – композитор, Қазақстанның халық әртісі (1991), Қазақстанның Еңбек Ері (2022). Шымкент, Тараз, Жетісай қалаларының Құрметті азаматы. Аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы замандағы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі.



Бала кезінен бойындағы бар талантын алқалы жиын, аламан бәйгелерде көрсете білді. 1950 жылдан бастап шығармашылықпен түбегейлі түрде шұғылданды. 1956-1962 жж. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында В.В.Великанов класында оқыды. Шәмші әндері ғажайып саздылығымен, сылдырап аққан бұлақ суындай тап-таза сыңғырымен, лирикалық наздылығымен ерекшеленеді.

Халық арасында әсіресе күллі отаншылдық, елшілдік нотасын тап басқан "Менің Қазақстаным" туындысы айрықша мәшһүр болды. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысушы ұл-қыздар Алматы алаңдары мен көшелерінде Шәмшінің осы әнін ұрандай шырқап шықты. 2005 жылдан "Менің Қазақстаным" туындысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны болып бекітілді.

ӨМІРБАЯНЫ

Шәмші Қалдаяқов 1930 жылы 15 тамызда қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында дүниеге келген. Әкесі Қалдаяқтың шын аты Әнәпия болған, ал анасы төренің қызы – Сақыпжамал. Әкесі дүниеге ұл келсе, оған Жәмшид патшаның атын

қоямын деген екен. Бір күндері түсінде ұлының айдын көлден аққу құс болып жүзіп жүргенін көріп, жақсыға жорыпты.

Шәмшінің әкесі Қалдаяқ ауыл шаруашылығына қажет құрал-саймандарды жасайтын шебер, жаңқаға жан бітірер ұста болған, қобыз бен домбырада еркін ойнаған, қиссаларды жатқа айтқан.

Композитордың әкесі мен анасы ән өнерінен құралақан болмаған, олар да туған жерінде той-думанның көркі болған деседі.

«Ежелгі заманда Жәмшид деген патша болған деседі. Патшаның ерекше айнасы болған екен. Сол арқылы бүкіл әлемді көре алған. Кейін келе қазақтар осы есімді өз ұлдарына берген. Шәмші Қалдаяқовтың шын есімі де Жәмшид болған. Фамилиясы да Қалдаяқов емес, басқа болған. Қазақта келіндер жолдасының бауырларын атымен атамаған. Ол кісінің аяғында қал болса керек. Содан Қалдыаяқов» болып кеткен екен.

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ ӨНЕР ЖОЛЫ

Шәмші Қалдаяқов мектепті бітірген соң Сарыағаштағы мал дәрігерлік техникумында білім алды. Оқуын бітірген соң 20 жастағы Шәмші Ақтөбеде сегіз ай еңбек етті. 1951-1954 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды.

Ал Шәмшінің інісі Қадір Қалдаяқовтың айтуынша, әскерден келген соң Шәмші Мәскеудегі Чайковский атындағы училищеге оқуға түседі. 1954 жылы оны бітірместен, елге қайтып келеді. Анасы науқастанып жатып, баласын орыс болып кетеді деп қорқып, шақыртып алған.

Ауылға оралған соң үйірмелерге қатысып, клуб меңгерушісі болып қызметке араласа бастады. 1955 жылы Ташкенттегі Хамза Ниязи атындағы музыкалық училищеге музыка теориясы факультетіне қабылданды. Ол жерде іссапармен Ташкентке барған әнші Жамал Омаровамен танысады. Сөйтіп Шәмшіні Алматыға шақырады. Ташкенттегі оқуын бітірмей, Шәмші Алматыға көшіп келеді.

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Шығармашылық жұмыспен 1955 жылдардан бастап айналысқан 1956-1962 жылдарда сазгер Алматы консерваториясында оқыды. Шәмшінің тұнып тұрған шынайылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндерінің өзі композитордың

атын елге жайып, халықтың сүйікті перзентіне айналдырды. 40 жылдан астам шығармашылық қызметінде Ш.Қалдаяқовтың 300-ге жуық музыкалық туынды жазды. Шәмші өзінің қайталанбас талантымен қазақ халқының қазіргі әнін, өнерін биік белеске көтерді. Қазақ даласын әнмен тербеткен Ш. Қалдаяқовтың әндерінсіз ешбір мереке де, ешбір той-думан да өтпейді. Оның әндерін еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін шырқайды. Ал «Шәмші аға» деген сөз «Ән аға» деген сөзбен тұтасып, синоним болып кеткелі қашан...

Қалдаяқов ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер ретінде көрінді. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Композитор шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос-жаранға деген сүйіспеншілік – Шәмші шығармаларының басты тақырыбы.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ

Шәмші Қалдаяқов жары Жәмиләмен 31 жасында отау құрады. Бұған сол кезде студенттік қауымды селт еткізген Шыңғыс Айтматовтың "Жәмилә" повесі себеп болыпты. "Шәкең бойжеткеннің есімін сұрайды. Ол Жәмилә десе, өзінің Шәмші Қалдаяқов деген композитор екенін айтады. "Құдай куә, Жәмилә деген қыз кездесе, үйленемін деген уәдем бар еді. Қарсы болмасаңыз, бас қосайық. Отбасын құрайық деген", - деп еске алды композитордың досы Еркінбай Әлімқұлов. Осылайша Шәмші мен Жәмиләнің шаңырағында екі ұл дүниеге келді: Әбілқасым және Мұхтар.

"Әкем қазақтың табиғатына жақын әндерді жазғандықтан халық жүрегінен орын алды. Ол – өте мейірімді, ақкөңіл болатын. Айналасындағы адамдарға үнемі қол ұшын беруге асықты. Үйге қонақ шақырғанды жақсы көретін. Бір сөзбен айтқанда, кеңпейіл жан еді. Қыста ешқайда шықпайтын, үйде отыратын. Ал көктем шыға салысымен, туған-туыс, достарын аралап кететін", - деп еске алады ұлы Мұхтар Қалдаяқов.

- Шәмші көзі тірісінде балаларының өнер жолына түсуін қатты армандады. Балаларын өз қолымен жетелеп апарып Күләш Байсейітова атындағы өнер мектебіне апарды. Қазір екеуі де кәсіби музыканттар – дейді Жәмила Қалдаяқова.

ШӘМШІ ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

-1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестиваль дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады:

-Шымкент қаласында облыстық филармония, бір көше, Алматы қаласында бір көше, композитор туған өлке – Шәуілдір ауылындағы музыка мектебі – Қалдаяқов есімімен аталады;

-Шымкент филармониясының алдына Қалдаяқов ескерткіші орнатылған;

-1991 жылы Қалдаяқов жайлы ғұмырнамалық «Жылдарым менің, жырларым менің» деген деректі телефильм түсірілді; «Шәмшіғұмыр» естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді (2002).

ШЫҒАРМАЛАРЫ

- Әндер, 1967;
- Бақыт құшағында. Әндер жинағы, 1971;
- Сағынышым менің. Әндер, 1978;
- Менің Қазақстаным. Әндер, 1981;
- Шәмші әлемі. Әндер, 2000.

МАРАПАТТАРЫ

- Республика жастар сыйлығының иегері (1965)
- Қазақстанның Халық әртісі (1991)
- Қазақстанның Еңбек Ері (2022).



**ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ АЛМАТЫДА, РЕСПУБЛИКА САРАЙЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК ЖАҒЫНА ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШІ**

1992 жылы 29 ақпанда жасы 62 ге қараған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан, көрнекті халық әртісі Ш.Қалдаяқов көз жұмды. Ол артында мол музыкалық мұра қалдырды.

2020 жылы Түркістан облысы Отырар ауданы, Шәмші ауылында Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында композиторға арналған Қазақстандағы алғашқы музей-үйі ашылды.



ШӘМШІНІҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ



**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШӘМШІ САЯБАҒЫНДА
ОРНАТЫЛҒАН ШӘМШІ ЕСКЕРТКІШІ**

ШӘМШІНІҢ ӘЗІЛДЕРІ

Шәмші Қалдаяқов сазгер-композиторлығына қоса айтар ойын ұтқыр сөзбен жеткізетін ділмар, тіптен орайлы жерде аяқ астынан суырып салып өлең шығаратын ақындығы да болса керек.

Бірде Жаркент жаққа қарай бір топ достарымен жол сапарға шығады. Жолай Алтын Емелден асып түскенде, тау бөктерінде отырған малшы ауылға тап болады. Малшы ауылдың адамдары Шәмшінің келгеніне қатты қуанып, жік-жаппар болып, айырықша ықыласпен қарсы алады. Әсіресе, ауылдың өнер сүйер, ән құмар қыз-келіншектері Шәмшіге құрмет көрсетіп, қызмет ету үшін кезекке тұрып, ашық-жарқын мінезбен қалжыңға да ерік береді. Ауылдың сөзге жүйрік, әзілге оңтай қыз-келіншектері қолға су құйса да, кесемен шай ұсынса да ұйқастыра қалжың айтып, бара-бара өлең сөзбен тіл қатысуға көшеді. Сол күні әзіл-қалжыңдары жарасқан қонақтар түн ортасы ауғанша дуылдасып отырып, дем алуға кештеу жатады. Ертесінде қызықты бас қосуды одан әрі жалғағысы келген ауыл жастары Шәмші бастаған қонақтарды оятпақшы болады. Сонда, түндік ашып жүрген келіншекке Шәмші:

– Өлең айтып оятпасандар, тұрмаймыз, – деп қалжың айтады. Ауыл келіншектерінің де күткені сол болса керек, үйге кіріп, жігіттер жамылған көрпенің шетін басып отырып, өлеңді саулатып қоя беріпті.

«Болсаң да кетпен шапқан күніменен,

Даусымның оянарсың үніменен.

Жігіттер бұл жатысың қандай жатыс,

Шыққандай қой күзетіп түніменен!» – дейді келіншектердің бірі.

Сонда, Шәмші де жастықтан басын көтеріп алып:

«Белінен басып жүрміз жалғаныңды,

Көтеріп көрер ме еді салмағыңды.

Күнәсіз өткізсем де осы түнді,

Киейін, шыға тұршы шалбарымды» – деген екен.

Тағы бірде Шәмші бір тойға қатысып, әдеттегідей елдің сый-құрметіне бөленіп, қайтарында құрметтеп ұсынған костюм киіп, үйіне қайтып келе жатса, алдынан екі-үш жігіт кездесіпті де: «Кәне, жан керек болса, шеш үстіндегі костюмінді!» – деп пышақ кезеніпті. Шәмші еш қарсылықсыз костюмін шешіп жатып: «Халқымнан айналайын, өзі киіндіреді, өзі шешіндіреді!» – деген екен.

Үнемі түзде жүретін Шәмші Қалдаяқов бірде екі жолдасымен өз шаңырағына келіп түнепті. Шәмші ағамыз шығармаларының бәрі хит болса да, ән сатып, пайдасын көріп, дүние жимаған адам екен. Үш кісіге саларға көрпе таппай, қабырғада ілулі тұрған "дүние жүзілік" картаны жалаңаш еденге төсеніп жантая кетіпті. Түннің бір уағында жанындағылардың біреуі: "Жаурап кеттім, жамылатын бірдеңе бар ма?" дей беріпті. Сөйтсе, Шәкең ерінбей орнынан тұрып, жарықты жағып, "жаурап жатқан" досының төбесінен төніп тұрып: "Антарктиданың үстіне жатып алыпсың, кәнешні жаурайсың, былайырақ жатсай" деген екен.

Тағы бірде Шәмші бір тойға қатысып, әдеттегідей елдің сый-құрметіне бөленіп, қайтарында құрметтеп ұсынған костюм киіп, үйіне қайтып келе жатса, алдынан екі-үш жігіт кездесіпті де: «Кәне, жан керек болса, шеш үстіндегі костюмінді!» – деп пышақ кезеніпті. Шәмші еш қарсылықсыз костюмін шешіп жатып: «Халқымнан айналайын, өзі киіндіреді, өзі шешіндіреді!» – деген екен.

Үнемі түзде жүретін Шәмші Қалдаяқов бірде екі жолдасымен өз шаңырағына келіп түнепті. Шәмші ағамыз шығармаларының бәрі хит болса да, ән сатып, пайдасын көріп, дүние жимаған адам екен. Үш кісіге саларға көрпе таппай, қабырғада ілулі тұрған "дүние жүзілік" картаны жалаңаш еденге төсеніп жантая кетіпті. Түннің бір уағында жанындағылардың біреуі: "Жаурап кеттім, жамылатын бірдеңе бар ма?" дей беріпті. Сөйтсе, Шәкең ерінбей орнынан тұрып, жарықты жағып, "жаурап жатқан" досының төбесінен төніп тұрып: "Антарктиданың үстіне жатып алыпсың, кәнешні жаурайсың, былайырақ жатсай" деген екен.

Кір жуып, кіндік кескен жері Отырарға барғанда Шәмші аяқ астынан ауырып, ауылындағы ауруханаға түседі. Хал-ахуалын сұраған жерлестері: - Жүрегіңіз ауырады екен-ау? – дейді.

Шәкең оған мойысын ба,

- Жүрек ауруымен жүрегі барлар ғана ауырады! – деген екен.

ШӘМШІ ӘНДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

«Менің Қазақстаным»

«Менің Қазақстаным» әнінің тууына мына жағдайлар әсер етті. Ол тұс – Ақмоланы «Целиноград» деп атап, сол жақтағы бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болған кез еді. Осының алдында ғана Оңтүстік Қазақстанның нағыз қазақи үш ауданы Өзбекстанға берілген еді. Қазақ жері осылайша бөлшектенгелі жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын әнұранның қажеттілігі сезілді. Шәмшінің өтініші бойынша өлеңнің сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазды. Сөйтіп, ән қазақ радиосы арқылы күніне бірнеше рет беріліп отырды. **Бұл ән қазақ жерін бөлшектеуге білдірген қарсылығы еді.** Көп ұзамай-ақ бұл ән баспасөзге жарияланбай жатып коммунистік партия хатшылығына Шәмші шақырылды.

- Бұл әнде коммунистік партия туралы бір ауыз сөз жоқ. Қазіргі басты ұранымыз - жеті жылдық жоспар туралы ештеңе айтылмаған, - деп ондағылар кикілжің білдірді. Осыдан соң бұл әннің сөзін жобамен тапсырма бойынша былай ауыстырдық:

Жеті жыл жоспарын,
Жеті қыр асқаны.
Думанды бастады,
Қазақтың жастары.

Баспасөзге бұл өлең осылай жарияланғанымен радиодағы өлеңді өзгерткеніміз жоқ. Халық арасына алғашқы нұсқа тарап кетті. **«Бұл ән елімнің әнұраны болады» - деп Шәмші біліп айтқан екен.** Себебі, 1986 жылы 17 желтоқсанда бостандықты аңсаған қазақ жастары **«Менің Қазақстаным»** және **«Елім-ай»** әнімен алаңға айтып шығып еді.

«Ана туралы жыр»

Жамшид Шәмші атанып, оның сазгерлік атағы шартарапты шарлап кеткенде, оның ғазиз анасы қайта айықпастай кеселге ұшырайды. Өзінің о дүниелік екенін айқын сезген анасы Шәмшіні шақыртады. «Балам, - дейді, бұл өмірден жас кеттім демеймін, арманда кеттім деймін. Жазмыш маған келін көруді, немере сүюді бұйыртпады. Тағдыр солай шығар. Жалғыз тілеуім – сен аман бол. Бұл өмірде салған әнің айтылмай жатып үзілмесін. Ол әнің ұзаққа кетсін» - деген екен.

Ананың ақтық лебізін естігенде ғана Шәмші өзінің отызға келіп қалғанын, ән соңында үйлі-жайлы болуды да еске алмағанын бірақ білді. Ойлап қараса, анасы оған әлемнің жарығын сыйлапты, даланың әсем гүлін жинапты, самсаған құстардың қанатын беріпті, мол дүниенің жаннатын ұсыныпты. О, Ана, Ана! Бұл өмірде өзіңнің ең жақын, ең асыл адамынан мәңгілік айырылғалы тұрғанын сезген Шәмші өксіп жылап жібергенін сезбей қалады.

- Апа, қарыздармын саған, қарыздармын. Сенің басыңа мовзалай орнату менің қолымнан келе қоймас. Бірақ саған әннің ең әсемі, ең нәзігінен ешқашан ұмыт болмайтын ескерткіш қалдырамын – деді Шәмші дауысы үзілді-кесілді шығып, көз алдындағы бар дүние тұманға сүңгіп. Сөйтіп **«Ана туралы жыр»** әні 1961 жылы дүниеге келді.

Бұл ән - қазақ совет музыкасындағы ана туралы жазылған тұңғыш ән еді. Бұл ән - ана алдындағы ешқашан өтелмейтін борышын сезінген баланың егіле төгілген көз жасы еді. Есейген ержүрек ұланның бұл өмірдің теңізін адал кешуге берген анты еді. Бұл – **аналар туралы гимн** еді.

«Әке туралы жыр»

«О, әке, әке! Айбарым, ардақтым! Артымда сен тұрғанда, мен еш нәрседен аянбаушы едім. Сен маған жел шайқамайтындай дінгек едің. Бар көргенің өз ауылың болғанымен, сен мен үшін жерге құламайтын тірек едің». Бұл – Шәмшінің әкесі ауырып, ауруханаға түскенде шығарған әні.

«Отырардағы той»

Сағдия Минумина – Шәмшінің туған інісінің жары:
- «Шәмші ағам жарық дүниемен қоштасар сәтінде жүрегі, бауыры ауырып осы ауылдың ауруханасында ем қабылдады. Отырар ауданының 60 жылдық тойы болайын деп жатқан еді. **«Мен бір сәтте өмірдің ар жағындамын, бір сәтте бер жағындамын»** деп жататын ағам «ауылдың тойы болады деген соң, басын көтеріп қолына қалам алғаны есімде. Сөйтсем, ауылдың құрметіне өміріндегі соңғы әні **«Отырардағы тойды»** дүниеге келтіріпті».

«Қуаныш вальсі» өмірге осылай келді

Елтай Мырзайұлы:

- Біз бүгін аттары бүкіл Қазақстанға мәшһүр болған Мұхтар Шаханов, Шәмші Қалдаяқов, Қалаубек Тұрсынқұлов барлығымыз алпысыншы жылдары ажырамас дос болдық. Сол достықтың белгісі емес пе, Мұхаң үйленгенде құдалыққа мен, Шәмші және Қалаубек төртеуміздің барғанымыз бар. Сол той кілең Шәмшінің әнімен өрнектелді десем қателеспеспін.

Той-думанмен таң да атты. Келінді шығарып салудың рәсімі басталып, той иелері апыр – топыр тіршілік қамына кірісіп кетті. Біз далаға шығып өзара пікірлесіп жатырмыз.

-Нағыз қуанышты сәт үйлену тойы ғой. Екі жастың қосылуы, былайша айтқанда қосылған қос өзен секілденіп...- дей берген Қалаубектің сөзін Мұхтар бөліп жіберіп:

- Қалеке, «Қосылған қос өзен секілденіп» деп қалдыңыз-ау! Бұл идеяңыз бір шығарманың тұздығы болуға сұранып тұрған сияқты екен, - деп қалды.

- Бірің сазгер, бірің ақынсың, жаңа идея туса, ол жағын өздерің шешіндер, біз тыңдаушы болайық әрқашан, - деді Қалекең.

Көп ұзамай Шымкентте өткен комсомолдық тойда Шәмшінің тума таланты тағы да танылды. Мұхтар өлеңін жазып, Шәмші әнін шығарған «Қуаныш вальсі» әні тұңғыш рет осы тойда шырқалды. Қанша тыңдасаң да жалықпайтын сазды да назды әнді қалай тез шығарып үлгерді десеңізші. Бұл ән ғасырдан ғасырға кетері сөзсіз. Ең кереметі – Шәмші Мұхтар тойына өмірі ұмытылмас, ең үлкен сый әзірлей білді. Бұл осы ән еді.

«Бәрінен де сен сұлу»

Шәмші 1937 жылы «Халық жауы» ретінде атылып кеткен аяулы ағамыз Мағжан Жұмабаевтың өлеңіне ән жазамын деп ойлаған емес. Себебі, Мағжанның өлеңіне ән жазбақ түгілі оның атын ауызға алудың өзі ол тұста өзін-өзі орға жығумен бірдей болатын. Сөйте тұра, тағдыр оған Мағжан ағасының бір өлеңіне ән жазуды бұйыртты. Бұл өлеңді Шәмшіге қазақ радиосының музыкалық редакторы Мақсұт Майшекин ұсынып еді. Шәмші оның шын ақын екендігіне шүбәләнбаса да, өлеңіндегі ойнақылық, қалжың аралас шындық, айтқа бергісіз шын сөздің ұнағандағы, өзін баурап алғандығы соншалық әнді тез жазды. Осылай «Бәрінен де сен сұлу» әні жылдам тарап кетті.

Әнінің жұртшылыққа ұнағанына бөркі қазандай болған Шәмші бір күні консерваторияда талтаңдап жүріп келе жатады, қасынан өтіп бара жатқан Ахмет Жұбанов тоқтай қалды. Қазақ музыкасының ең білгірі болып саналатын Ахаңның назарына іліну қиын іс екенін білетін Шәмші ұрлық істеп қойған адамша қыпаң ете қалды. Оны қыпандатқан да жүрегінің бір сұмдықты сезгендігі екен.

- «Бәрінен де сен сұлудың» өлеңін кім жазды? – деп сұрады Ахаң.

- Майшекин - деп жауап берді Шәмші.

- Өтірік. Оның авторы басқа. Ол - ұрлық өлең. Әйтсе де әнің тәуір екен деп Ахаң бұрылып кетті. Шәмші сілейіп тұрып қалды. Ол осылайша күйзеліп біраз жүріп Майшекинге телефон соғып «Ағай, шыныңызды айтыңызшы өлеңнің авторы кім?»- деп сұрады.

- Әй, бала мұндай әңгімені телефонмен айтпайды. Кешке үйге кел-деді Майшекин.

Кешке таман Майшекин есік, терезені қымтап жауып алып:

- «Өлеңнің шын авторы Мағжан Жұмабаев. Білесің бе сен ол кісіні? Біздер ол кісінің өлеңін оқып өстік. Сондай адамды атып жіберуі – бүкіл халықтың асыл қазынасына оқ атқандай болды. Мағжанның әрбір сөзі алтын секілді қымбат еді ғой. Сондай сөздің су түбіне кеткеніне шыдамадым да бір өлеңін тірілттім. Өлең Мағжандікі екенін білетіндер мейлі мені «ұры» дей берсін. Бірақ мен ол кісінің ең болмаса бір өлеңін кейінгі ұрпаққа ұрлап әкеп тастап кеткеніме бақыттымын. Ал сен кімнің өлеңі екенінде шаруаң жоқ, сенің білетінің Мақсұт Майшекин. Мені бүгін түнде ұстап әкетсе де сенің атыңды атамаймын. Оқуыңды тыныш оқи бер. Бірақ, - деді Майшекин сөзін бір түрлі күңірене жалғастырып, - махаббат жайлы небір ғажап сөздер айтпаса да, «Өзім сүйіп ұнатқан бәрінен де сен сұлуды» айтқан Мағжан екенін ұмытпа.

- Мен сөйтіп ойламаған жерден Мағжан Жұмабаевпен де соавтор болған адаммын – деп мақтанып жүрді Шәмші.

«Теріскей» әні

Жаздың тамылжыған бір күнінде Шәкенді қонаққа шақырған Жартытөбе бөлімшесінің меңгерушісі Ш.Оқшиев:

- Айналайын Шәмші, «Жартытөбе» совхозы кейіндеу құрылғанымен, бүгінгі таңда Қаракөл қой шаруашылығын өркендетуде Созақ ауданы ғана емес, республикада да алдыңғы орында. Сол себепті еңбекші халықтың көңілін көтеріп «Жартытөбеге» тамаша ән арнасақ деген тілегіміз бар – дейді. Қ.Архабаевтың Социалистік Еңбек Ері атағын аудан бойынша бірінші

болып алғаны, аға шопан Б. Төлебаеваның КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болғаны, Созақтың тарихы – қазақтың тарихы емес пе?! Жартытөбеліктердің еңбегі қандай мақтауға да лайық дейді. Көп ұзамай Алматыдан ақын С.Асанов келіп, Жартытөбе, Шолаққорған ғана емес, жалпы Созақ өңіріне арнап **«Теріскей»** әнінің сөзін жазады. Бұл мәтінге осы өңірдегі тарихи орындарының атауы тегіс енеді.

«Бір әнім»

Сонау 1957 жылы Шымкент облысы Қызылқұм ауданына Батыс Қазақстан облысынан бес қыз пед.училищені бітіріп, парактикадан өтуге келген екен. Әмина мен Қалима Қарақоңыр ауылында (Шәмші ауылы) совхоз директоры Ш.Ермановтың қолдауымен көркемөнерпаздар үйірмесін құрады. Шәуілдірд, содан кейін Шымкентте өз өнерлерін көрсетеді. Жазғы демалысқа келген Шәмші осы өнерлі жастардың басы-қасында жүреді. Қалиманың даусы керемет еді, оның салған әндері Шәмшінің ғана емес, көпшіліктің де көңілінен шығып жатады. Ұлы сазгердің қызға деген алғашқы махаббатының оянуы осы кезден басталған көрінеді. Демалысы бітіп Шәмші Алматыға кетеді, бірақ қызға деген сезімін баса алмай жүреді. Араға жыл салып Қарақоңырға келген Шәмші әнші қыздың тұрмысқа шығып кеткенін есітіп, өкініп қалған екен. **«Бір әнім»** өлеңінің шығу тарихы осындай.

«Сыған серенадасы»

1958 жылы Консерваториядағы оқуынан шығып қалған Шәкең сығандардың тобырына жолығып, үш-төрт күн бірге жүреді. Өмірден таяқ жеп, маңдайы тасқа тиген жанның бұл бір еркіндік аңсаған шағы еді. Сыған қыздарымен бірге ән шырқап **«Сыған серенадасын»** өмірге әкеледі. Шын мәнінде композитор сыған қызына емес, еркін өміріне ғашық болған сияқты. Адам баласын жатырқамайтын жүрегі оған Тамды қызына да, Дүнген қызына да арнап ән шығартты.

«Сыр сұлуы»

Мақталы жерде өсіп, күрішті көрмеген Шәмші осы дақыл жайлы аздаған мағлұмат алсын деген болу керек жолсерік Қызылордалықтар Шәмшіні қала төңірегіндегі Жамбыл атындағы колхозға әкелді. Бұл ауылдың былтыр орта мектепті бітірген он тоғыз қызы түп-түгел колхозда қалып, күріш егуге шығыпты. Солар Шәмшіге қызмет етті.

Сұлу қыздар көрсе қашаннан көзі жайнап кететін Шәмші : Нағыз сұлулар ғой бұлар, Сыр сұлулары ғой – деп он тоғыз қызбен түп – түгел құшақтасып амандасып шықты. «Алдарыңда нендей жол жатыр екен. Қандай жігіттерге жолығып, өмірлерің қай биікке шықпақшы. Әттең, Шәмші ағаларыңның жүрегі біреу – ақ әйтпесе, сендерге бір – бір жүрек арнар еді» – дейді.

- Біздерге ең жақсы әніңізді арнасаңыз, біз оны Шәмші ағаның өзі деп, әр жүректе сақтар едік- деді.

«Сыр сұлуы» әні осылай дүниеге келді.

«Тамды аруы»

Бұл әнде Шәмшінің Таластың бойында кездейсоқ кездестірген жігіттің әңгімесі, мұны негізге алынған. Жігіттің әңгімесінен: «Бұқар облысының Тамды деген жерінің бір қызына шын ғашық болып қосылған едім. Туысқандары қалың мал сұрап мазаны алған соң осы Жамбылға келдім. Бәрібір тауып алды... Қуып келді.... Он жеті мың сом сұрады. Ондай ақшаны қайдан табамын. Олай-бұлай қарастырып едім болмады. Әйелім мен бір қызымды Тамдыға алып кетті. Әйеліме деген ғашықтығым, қызыма деген сағынышым менімен бірге қалды. Мен оларды күндіз-түні ойлаумен-ақ қартайдым. Есеңгіреп жүріп қалдым. Әйелімді басқа біреуге сатып жіберіпті. Қызым сол жақта қалды.ииппп

Менде үйлендім, тұрмысым жаман емес, бар тілегім әйелімнің бараған жерде бағы ашылуы. Әйелім өз бақытын табар. Бірақ қызым, қызым... Осыны айтқанда жігіттің үнінен жоқтау естілгендей болды. Ол үнге Талас та ішін тарта үн қосып, өзен бұдаулана ақты. Шәмші өзенге қарап еді, толқын дауысы онан емес жігіт жүрегінен естілгендей болды.

«О,жігітім, жігітім!» - деді Шәмші ішінен.

- Өмір деген қатал ғой. Еңкейсең де ес жиярсың, қалпыңа келерсің. Бірақ сенің жүрегіңдегі Тамды аруына деген махаббат оты сөнер ме екен, әй қайдам...

«Әнім сен едің...»

Шәмші селт етіп бас көтерді. Қалаубек құйған стаканды бір-ақ төңкерді. Сөйтті де ескі досы мандолинасын қолына алды да, белгісіз бір әсем әуенді жайлап, сонан соң жылдамдатып сонан соң:

Құй, Қалаубек - деп қол созып, қайтадан әлгі әуезді жалғастырып, жаңартып әкетті. Шәмшінің «Әнім сен едің» әні дүниеге осылай келген еді.

«Ақ ерке – Жайық»

Жайық өзеніне серуенге шыққан Шәмші, теңіздің мінезі әп-сәтте өзгергеніне қайран қалып тұр. Кәрі Каспийдің ақжал, көкжал толқындары көбік шашып, гүрілдей келіп ұлутасты, құмдақ жағаны гүрсілдей соққанда, теңіз төбеңіз төбеден шүйліккендей, төбеңізге тау төңгендей жүрегіңіз дір етеді.

Шәмшінің «Ақ ерке - Жайық» әні сол түні туған еді.

«Сағынышым менің»

Сағыныштың әйел деген аты болмаса, Шәмші үшін ерекше жан еді. Көңілі жүдеп, жүрегі шаршап жүрген шақтарында Сағыныш оны ерлерден артық жебей де білетін. Сол Сағыныш босанды деген жайлы хабар келді.

Өмірге гүл келді дейді. Шәмші ескі досы Сабырханға:

- Қандай гүл? - деп түсінбейді. Сағыныш босаныпты.

Сен жаныма келсең,

Сен жадырап күлсең.

Бақыттымын мәңгі, асыл арманым – деп жыр төккен еді Сабырхан.

Ал, Шәмші бұл өлеңге өз жүрегінде тербелген ең нәзік сарынды берген еді. Дүниеге «Сағынышым менің» деген ән осылайша келген еді.

«Көгілдір Көкше»

-Уа, Еркеш! – деді Шәмші, ой құрсауынан шыққан бір сәтте.

- Көкшетаудың сен де бір ерке ұлы едің ғой. Даусың өрлей шыққан ақыны едің ғой. Кәнеки, өзіңнің тауың, көгілдір көлдерің, тұнық аспаның жайлы жырлашы бір. Еркештің де күткені осы еді.

Қайда барсам да, қайда жүрсем де Көкшетауды аңсаумен болам. Аспаныңда ақ мұнар аққулар. Орамандарың мүлгіп жатқан дүние. Мен тау ұлы, биік құзда туғанмын. Киіктің сүтін емдім – жүйрік болдым, қыраннан қуат алдым – қанағаттандым. Шығайын асқарыңа, ұстамашы, салайын шын әнімді қыстамашы. Па, шіркін, көгілдір Көкшетау!

-Бұл үйде пионина бар ма?! Міне ән!

Шәмшінің «Көгілдір Көкше» әні осылай туды.

«Фосфорлы Жамбыл»

Шәмші өзінің «Фосфорлы Жамбыл» әнін менің өтінішім бойынша жазған еді. Жұмысшылар өмірінен ән жазудың қиын екенін білемін. Шәмші ойлаған жерден шықты – дейді Жамбыл фосфор заводының бұрынғы директоры Тұрғынбек Темірбеков. Заводты он бес күндей аралап, жұмысшылардың тұрмысымен де, жұмысымен де әбден танысқан ол фосфоршы жайлы тамаша ән жазды.

«Арыс жағасында»

Шәмші бұл әнін әкесінің ұсталық қызметіне орай бір-екі рет қоныстанып, 1958 жылы тұрақты қонысына айналған, қазіргі уақытта өз есімімен аталып кеткен ауылына арнапты.

«Шынарым»

Шәмшінің албырт көңілі аңқылдап, жарқын сезімі лапылдап тұрған нағыз тәтті шағы еді – ау ол.

А. Жұбановтың қызы Ғазизаны Мәскеудегі оқуын бітіріп, Алматыға оралған шағында тұңғыш көргенде... Жоқ, жоқ махаббат емес... Ахаң секілді дүниеге бір – ақ рет келетін адамның тал шыбықтай бұралған қызын көріп, оған деген, тіпті өнерпаз қазақ қыздарына деген құрметі бірден оянған еді. «Шынарым» әнін Ғазизаға орындап беріп: «Бұл әнді сізге арнадым, апатай» - дейді Шәмші.

«Ақ бантик»

Жігіт ағасы Шәмші Қалдаяқов пен бозбала Мұхтар Шахановтың досы Қаражан Әбләзімов көптен аңсаған ғашығы Патима Төрехановамен шаңырақ құрады. Патима – 11 сыныпты енді ғана бітірген ерке, мөлдір, ашаң жүзді ару екен. Мектеп бітіргеніне 12 күн ғана болған балауса қыз ақ бантигін ақ орамалға айырбастап, үлкен өмірге қадам басады. Киелі Түркістан қаласындағы қарашаңырақта өткен думанды тойға Шәмші мен Мұхтар құтты қонақ болады. Қос дарын бір апта бұрын тойға арнап ән жазуға кіріседі. Достары Қаражанның жұбайы жаңадан мектеп бітірген балаң ару екенін естіп, ақын мен сазгер «Ақ бантик» әнін дүниеге әкеледі. Ақыры ән жолдастарының үйлену тойына тарту етіліп, тұңғыш рет қалың көпшілік алдында орындалады.

«Дүнген қызы»

Бірде Шәмші өзімен бірге Сабырхан Асановты ертіп Жамбыл өңірін аралауға кетеді. Бірге жүрген сапарда екеуі «*Отырардағы той*», «*Теріскей*», «*Сағынышым менің*», «*Фосфорлы Жамбыл*», «*Әсемсің әніңдей*» сияқты әндерді жазады. ***Бірі сазын, бірі мәтінін шығарып жүрген күндердің бірінде «Дүнген қызы» әні дүниеге әкеледі.*** Әуелі бұл әннің сазы кейін мәтіні келген екен. Жамбыл өңірінде Дүнген ауылы бар. Кезінде Шәмші сол ауылда тұрып, дүнген халқымен сіз-бізі жарасқан деседі. Сол ауылдың тұрғыны дүнген қызын Шәмші өз сазына қосқан. Сазгердің сезімін сүйіспеншілікке толтырып, тәнті етіп, әсем әнге арқау болған «Дүнген қызы» бұл күнде көзі тірі көрінеді.

Шәмшідей ақпейіл жанның нәзік жүрегін сезім мен сазға бөлеген дүнген аруының құрметіне шығарылған ән қазақтың сүйіп айтар әніне айналды.

«Қайықта»

Бірде Шәмші Қалдаяқов пен ақын Нұрсұлтан Әлімқұлов Алматыдағы Горький паркіндегі көлдің жағасымен келе жатса, бір сұлу қыз орындықта жылап отыр екен. Жағада ескекті қайық тұр. Шәмші қызға жетіп келіп: «Қарындас, неге жылап отырсыз?» - дейді. Бөгде екі жігіттен именген қыз орнынан тұрып кетіп қалады. Толқынмен тербелген көл. Ескекті қайық. Жағада жылап отырған ару қыз. Бұл көрініс ақын мен сазгерге ерекше әсер етеді. «Мен ән жазайын, сен сөз жаз!» - деп екеуі өзара уәде беріседі. Сөйтіп ән мен сөз дайын болған соң, атап өтуге әлгі жерге келсе, сол орындықта баяғы қыз тағы жылап отыр! Бұған таң-тамаш болып, әрі қуанған ақын мен сазгер қызға келіп, осы әннің тууына өзінің себепкер болғанын айтып, «Қайықтаны» қосыла шырқайды.

«Өмір – өзен»

Шәмшінің кез келген әні бір әлем іспетті. Әрқайсысының өз тарихы, өз жолы, өз орындаушысы бар. Сол әндердің бірі - «***Өмір-өзен***». Бұл ән өткен ғасырдың 70-80 жылдарында жазылғанмен ол халыққа кешігіп жеткен болатын. ***Ән мәтінінің авторы қазақтың көрнекті ақыны Мұхтар Шаханов. Ақын «Өмір-өзен» өлеңін жалындаған жастық шағында жазған екен.*** Өлең ақынның өмірге деген құлшынысы зор, болашаққа деген сенімі мол кезде үлкен

шабытпен дүниеге келсе керек. Кейін өлең жолдары Шәмші Қалдаяқовтың қолына тиіп, ол ақын інісінің өлеңіне арнайы әуен жазып береді. Әуелі жаңа ән кішігірім басылымдарда жарық көреді. Бірақ, ән орындалмай, шаң басып қалады.

Ақын Мұхтар Шаханов Қырғыз еліндегі Қазақстанның елшілігінде қызметте болған кезде мұрағаттарды ақтарып, іздеп жүріп «Өмір-өзен» әнін тауып алады. *Араға отыз жыл салып ән халыққа жетеді.*

Замандастарының Шәмші туралы айтқан лебіздері:

«Шәмші Қалдаяқов асқан дарын иесі» еді. Оның бауырмалдығы, шектен тыс қарапайымдылығы, биязылылығы, барға қанағат ететін тоқмейілділігі онсыз а сом тұлғасын өзгелерден биік етіп көрсететін.

Өзбекәлі Жәнібеков

Шәмші қазақ ән өнеріне үлкен жаңалық және ұлттық бояуы қанық өлмейтін туындылар олжалаған аса дарынды сазгер екендігін дәлелдеген өнерпаз, «Қазақ вальсінің Королі»!

Қасым Қайсенов

«Шәмші есімі – ұмытылмайтын есім. Ән мен жырды сүйетін, өнерлі халық үшін Шәмшінің орны бір төбе. Ал, Шәмшінің халқы дегенде шығар жаны бөлек еді...».

Еркінбай Әкімқұлов

...Халқымыздың ән өнерінің көкжиегінде айрықша жұлдыз болып жарқыраған Шәмшінің орны бөлек. Оның әндерінің әсерімен 50-70 жылдардағы жастарымыздың бірнеше ұрпақтарының толқыны тәрбиеленді.

Амалбек Тианов

Шәмші ағаның мінезі өзінің әндері тәрізді жайлы да жайдры болатын. Адам жанын аялай білетін жүректен сұлу сезімді жаратылыстан ғана сонша сыршыл әуен туғанына және мейірім мен махаббаттың ғана мәңгі екеніне куә болып келеміз.

Ақұштан Бақтыгереева

«Қазақ әні мен мәдениетінің алтын қорына елеулі үлес қосқан Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық мұрасы – ұлтымыздың баға жетпес байлығы, рухани қазынасы. Халқымыздың жан жүрегіне жақын, оның болмысымен үндес Шәмшінің әндері – жас талғамайтын, мәңгі жасайтын жауһар дүние».

Қасым-Жомарт Тоқаев

Әсем де әуезді әндерімен халықтың жүрегін баурап алған Шәмші аға – көзінің тірісінде-ақ халық композиторына айналған ұлы сазгер. Ендігі біздің міндетіміз – ағамыздың әндерін бұзбай, әсем қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Роза Рымбаева

Шын тарланның, хас тұлпардың даңқы дүбірлі бәйге өткеннен соң барып асқақтайтынын білетін елміз. Шәмшінің өмірі де сол дүбірлі бәйге сынды құйындатып өте шықты. Артында жүрек тербейтін әсем әндері, аңызға айналған аты қалды...

Талаптан Ахметжан

1958 жылы әскерден елге оралдым. Халық арасында әндері ерекше есіп, бұрын мен естімеген «Шәмші» деген бейтаныс жанның есімі асқақтап тұр екен. Ән десе есім кете елти түсетін мен де Шәмшімен ертерек танысуға құмарта түстім.

Әбдімомын Желдібаев

Табиғатта күн де, ай да, жұлдыздар да қастерлі. Әрқайсысының өз орны бар. Өнерде де солай. Бірақ күн тұрғанда, ай мен жұлдыздарға орын болмайтыны сияқты, Шәмші – Күннің орны тым ерек!

Әлімғазы Дәулетхан

Шәмші өмірі дүниеге қызықпаған жан. «Біреуде бар екен, неге менде жоқ» деп ойламайтын. Той-томалақтан тиген ат-шапанын жанында жүрген жігіттерге сыйлап жүре беретін. «Керегі жоқ. Құдай жаратты, Құдай өзі жеткізеді» деп жүре беретін ақкөңіл, аңғал жан еді...

Аманкелді Сұраганов

Шәмші туралы мақалалар баспасөз беттерінде:

1. Омар Қ.

Шәмші және Шалқыған Шәуілдір

(Мәтін):(Ш.Қалдаяқовтың 85 жылдығына орай)/Қ.Омар//Ана тілі. – 2015. - №44. – 12 бет.

2. Тастанбек Л.

«Ақмандайлым» Жәмилаға арналған...(Мәтін)☺15-тамыз – Ш.Қалдаяқовтың туған күні)/Л.Тастанбек//Оңтүстік Қазақстан. – 2016. – 12 тамыз. – 5 бет.

3. Тұржан Серікбай

Шәмшімен болған бір апта(Мәтін):(Сазгермен өткен күндерден естелік)/Серікбай Тұржан//Оңтүстік Қазақстан. – 2017. – 26 тамыз. – 4 бет.

4. Балажан Абай

Ол өленді Шәмші ағаның өз аузынан естігенмін(Мәтін): (Актер Ж.Ақшорамен сұхбат)/А.Балажан//Оңтүстік Қазақстан. – 2019 жыл. – 12 тамыз. – 3 бет.

5. Әуелбаев Ә.

Ұлыңызды ұлтымыз біледі, өзіңіз кімсіз, Қалдаяқ ата?(Мәтін):(Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл)/Ә.Әуелбаев//Оңтүстік Қазақстан. – 2020 жыл.- 12 қыркүйек. – 4 бет.

6. Әлиман Жәнібек.

Отырардан көшкен озан (Мәтін):(Қазақ әнұраны авторларының бірі Шәмші Қалдаяқов туралы)/Жәнібек Әлиман//Егемен Қазақстан. – 2021 жыл. - 6 қыркүйек. – 8 бет.

7. Әмірбек Көпен

Шіркін, Шәмші!(Мәтін):(Әз-Шәмшінің әзілдері)/К.Әмірбек//Отырар алқабы. – 2021. – 24 қыркүйек. – 4-5 бет.

8. Қарғабай Мақсат


Шәмші Қалдаяқов және теріскей өңірі(Мәтін):(«Теріскей» әнінің шығу тарихы)/М.Қарғабай//Оңтүстік Қазақстан. – 2022. – 7 қаңтар. – 4 бет.

9. Сәрсенхан Батырхан

«Ақ бантиктің тарихы»(Мәтін):(Шәмші әндерінің шығу тарихы)/Б.Сәрсенхан//Егемен Қазақстан. – 2023. – 2 мауыс. – 15 бет.

10. Жанәбіл Серік

ШӘМШІ (Мәтін):(Ұлы сазгер туралы естеліктер)//Оңтүстік Қазақстан. – 2023. – 15 тамыз. - №90. – 6 бет.



Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана

Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru